

15 дәріс. Халықаралық валюталық жүйе

Халықаралық валюталық қатынастар – бұл ұлттық шаруашылық қызметтерінің нәтижелері мен өзара алмасуына қызмет ететін және дүниежүзілік шаруашылықтағы валюталардың қызмет етуі барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Халықаралық ақшалай талаптар мен міндеттемелерді мемлекеттік реттеумен байланысты бейнелейтін және жекелеген елдің немесе барлық елдердің төлем қабілетін сипаттайтын-**халықаралық өтімділік** валюталық жүйенің элементі болып табылады. Халықаралық валюта өтімділігінің құрылымына шетел валютасы, алтын, Халықаралық валюта қатынастағы резервтік позиция, СДР және ЭКЮ-дағы шоттар кіреді.

Халықаралық несиелік құралдарды пайдалану ережелерінің регламенттеуі және халықаралық есеп айырысулар жүйелік халықаралық нормаларға (Женева вексельдік және чектік конвенция, 1930 ж) сәйкес жүзеге асырылады.

Валюталық жүйенің институтциональдық құрылымы ұлтаралық және мемлекеттік деңгейде реттеледі.

Аймақтық валюталық жүйелердің пайда болуының себептерінің біріне, жаңа валюталық орталықты құру және оны дүниежүзілік валюталық жүйе аумағына қосу жатады. **Аймақтық валюталық жүйе** - валюталық бағамдардың ауытқуын азайту және интеграциялық процессті ынталандыру мақсатында бірлестікке мүше елдердің валюталық қатынастарын мемлекеттік-құқықтық ұйымдастыру формасының және экономикалық интеграция шегінде валюталардың қызмет етуімен байланысты қалыптасатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады (Еуропалық валюталық жүйе, 1979 ж. наурыз).

Валюталық жүйенің даму кезеңдері өндірістің, дүниежүзілік нарықтың, халықаралық еңбек бөлінісінің, дүние-жүзілік шаруашылықтың дамуымен байланысты болып келеді.

БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ВАЛЮТАЛЫҚ ЖҮЙЕ өнеркәсіптік революциядан кейін алтын монометаллизмді базасында алтын монета стандарты формасында қалыптасты. 1867 ж Париж келісімі алтынды дүниежүзілік ақшалардың жалғыз формасы ретінде мойындады. Ұлттық және дүниежүзік валюта және ақша жүйелері біріктірген болатын, себебі ақша дүниежүзік нарықта төлемге массасы бойынша қабылданды. Алтын

стандарты өндірісті, сыртқы экономикалық байланыстарды, ақша айналысесеп айырысуларды реттеуші ретінде ролын атқарады.

Кейіннен классикалық алтын монета стандарты өзін түсіріп алды, ол шаруашылықтың шаруашылық байланыстарына сәйкес келмеді. 1914 ж валюталық шектеу енгізді. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында пайда болған валюталық былықтан соң, алтын және жетекші валюталарға негізделген мемлекет аралық алтын девиз стандарты құрылды.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ВАЛЮТАЛЫҚ ЖҮЙЕ 1922 ж Генуэз конференциясындағы мемлекетаралық келісімімен құрылды. 30 елдің ақша жүйесі алтын девиз стандартты базасында қызмет етті. Ол кезеңдерде резервтік валюта мәртебесі ресми түрде бір валютаға бекітілмеді, бірақ та фунт стерлинг пен АҚШ доллары жетекшілік танытты.

ҮШІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ВАЛЮТАЛЫҚ ЖҮЙЕ 1944 ж Бреттон-Вудстағы (АҚШ) валюта-қаржы конференциясында рәсімделді. Қатысушылары 44 ел болды, ХВҚ Жарғысы бекітіліп, онда дүниежүзілік валюталық жүйенің мынадай қағидалары анықталды:

- алтынға және екі резервтік валютаға (АҚШ доллары және фунт стерлингке) негізделген мемлекетаралық алтын девиздік стандарттың жүйесі белгіленеді. Бұл жерде алтын девиз стандартты халықаралық қатынаста сақталып, ал ақша жүйесі айырбасталмайтын несиелік ақшаларға негізделді.

Бреттон-Вудс келісімі бойынша алтынды пайдаланудың төрт негізгі формасы қарастырылды: валюталардың алтындық паритеті және олардың Халықаралық валюталық қорда есепке алынуы, халықаралық есеп айырысулардың қалдығын жабатын ақырғы құрал және халықаралық валюта өтімділігінің компоненті. АҚШ долларын алтынға теңестіру және оны шетелдік орталық банктерде 31,10352 г (1934 ж.) тең 1 тройцк унциясы үшін 35 доллар ресми бағада айрбастау жүзеге асырылып, іс жүзінде долларлық стандарт орын алды;

- валюталық саясат және валюталық шектеулік халықаралық келісім-шарттарға бағынды;
- валюталық паритеттер алтынмен немесе АҚШ долларымен бейнеленді, паритетті өзгерту тек қана Халықаралық валюталық қордың рұқсатымен іске асты;
- валюталық бағамдардың режимі белгіленді (+/- 0,75%- паритеттен ауытқуға болады).

60-жылдардың аяғынан бастап, үшінші дүниежүзілік валюталық жүйе құлдырады. **Төртінші дүниежүзілік валюталық жүйенің** қағидалары Кингстонда (Ямайка) 1976-1978 жж. ХВҚ-ға мүше елдердің келісімімен рәсімделді. Онда Халықаралық валюталық қор Жарғысына түзетулер енгізілді. Ямайка валюталық жүйесінің негізгі қағидасы мыналар:

- СДР стандарты енгізілді, бірақ іс жүзінде долларлық стандарт сақталды, себебі доллар СДР жүйесіндегі есеп айырысуларды көбірек пайдаланды (валюталық «коржындағы» доллардың үлесі - 40%, ресми валюталық резервтерде - 60%-ға жуық). Бірақ Халықаралық валюталық қорға мүше елдерге валюталық паритеттерін кез келген валютада белгілеуге құқық берілді, соның негізінде көп валюталы стандартқа өту заңдастырылды;

- алтынды демонетизациялауға заңды түрде тыйым салынды: ресми баға, алтындық паритет алынып тасталып, доллардың алтынға айырбасталуы тоқтатылды;

- валюталық бағамдар режимін таңдауға құқық берілді (1973 ж. 6 наурыздан бастап өзгермелі бағамдар жүйесі енгізілді);

- ХВҚ арқылы мемлекетаралық реттеу күшейді.

Сонымен дүниежүзілік валюталық жүйенің дағдарысқа ұшырауы ескі жүйені құлатуға және оны жаңамен ауыс-тыруға әкелді. Жаңа валюталық жүйені құруда үш кезенді бөліп қарауға болады: 1) жаңа валюталық жүйені құру, алғышарттарын қалыптастыру, қағидаларын анықтау; 2) құрылымдық біртұтастығын қалыптастыру, құруды аяқтау, жаңа жүйенің қағидаларын біртіндеп іске қосу; 3) біртұтас және элементтері өзара байланысқан толыққанды қызмет ететін дамыған дүниежүзілік валюталық жүйені құру.

Ямайка валюталық жүйесіне қарсы Еуропалық экономикалық қауымдастық елдері 1979 жылы наурызда валюталар бағамын тұрақтандыру және инфляция деңгейін қысқарту жолымен Еуропадағы экономиканың өсуін қолдау мақсатында **Еуропалық валюталық жүйесін** құрды. Бұл жүйе ЕВЖ мүше елдердің валюталық бағамдарының айырмасын бағалауға арналған ЭКЮ еуропа валюта бірлігіне негізделді. ЭКЮ-дің нарықтық құнының есебі 2-кестеде берілген.

Еуропалық валюталық жүйе мүше елдердің ресми алтын-доллар резервтерінің 20% біріктіре отырып, алтынды ЭКЮ-ді жартылай қамтамасыз

ету үшін пайдаланады. Валюталық бағамдардың режимдері бойынша мүмкін болар қатынастар валюталардың бірлесіп өзгеруі негінде өзара ауытқу шегінде белгіленген, жаңа мүшелер үшін $\pm 6\%$ және басқа жағдайларда $\pm 2,25\%$. Еуропаның Орталық банктері белгіленген ауытқулар шегінде интервенция жүргізеді. 1987 жылдан бастап маргинальды және интермаргинальды интервенциялық стратегия жүргізілуде, маргиналдық интервенцияның шектері диаграммада көрсетілген.

Еуропаның экономикалық жүйелері мен монетарлы саясатының жақындасуы, экономикалық билікті көпұлтты институттарға беруі, ЕВӨ шеңберінде келісім-шарттарды реттеу және жүйелендіру барысы 1988 жылы Еуропалық валюталық жүйесін құрудың алғышарттары болып табылды.

Одақты құрудың мақсаты - ЕО шегінде тауарлар, көрсетілген қызметтер мен капиталдардың еркін қозғалысы; ақша саясатына, интервенцияның шекарасын қалпына келтіруге, валюталар арасында тұрақты өзара қатынас белгілеу, капиталдар нарығын ырықтандыруға қатысты бірігіп шешімдер қабылдау.

ЕВӨ 12 елінің мемлекеттерінің басшылары Еуропалық одақ жөнінде жоба дайындап, оған 1992 жылы 7 ақпанда қол қойылды және оны Маастрихт келісім-шарты деп атады. Келісім-шартта болашақ экономикалық және ақшалай одаққа қатысты ережелер жинағы жасалып және бұрынғы ЕО келісім-шарттарына толықтырулар мен түзетулер енгізілді.

Келісім-шартта мемлекеттердің Еуропалық валюта одағына кіру критерийлері анықталды:

- инфляция деңгейі үш тұрақты қатысушы елдің орташа инфляция деңгейінің $1,5\%$ -нан аспауы тиіс;
- бюджет тапшылығы да өте өлшеусіз болмауы керек;
- ЕВӨ-ға мүше болған екі жыл ішінде валюта қысымға және девальвациялануға ұшырамауы тиіс,
- ұзақ мерзімді пайыз мөлшерлемесі үш тұрақты елдің орташа деңгейінің 2% -нан аспауы тиіс.

Сонымен қатар, қатысушы елдердің ақша саясатын анықтайтын, оның шарттарын жасайтын, валюталық операцияларды жүзеге асыратын және валюталық резервтерді қолдап отыратын, Еуропалық Орталық банк пен

қатысушы елдердің орталық банктерін қамтитын орталық банктердің жүйесі құрылды.

Қазақстан Республикасы Халықаралық валюталық қорға мүше бола отырып, дүниежүзілік валюталық жүйелердің бірден-бір қатысушысы болып саналады.

Валюталық қатынастардың жекелеген элементтері – вексель ісі түрінде Ертедегі Грецияда пайда болған. Олардың келесі даму кезендері Лиондағы вексель жәрменкелері мен басқа да Орта ғасырлық Еуропадағы сауда орталықтары болды, онда есеп айырысулар вексель арқылы жүргізіледі. Халықаралық қатынастардың одан әрі дамуы өндіргіш күштерінің өсуімен, дүниежүзілік нарықтардың құрылуымен, халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуімен байланысты болды.

Халықаралық валюталық қатынастар материалдық өндіріс саласына, сондай-ақ бөлу, айырбас және тұтыну салаларына қатысты халықаралық экономикалық қатынастарға делдал болады.

Валюталық қатынастар жағдайы ұлттық және дүниежүзілік экономиканың дамуына, саяси жағдайға, елдер арасындағы күштердің арақатынасына тәуелді.

Халықаралық шаруашылық байланыстардың дамуы шамасына байланысты валюталық жүйе құрылды. Экономикалық тұрғыдан қарағанда бұл шаруашылық байланыстарды интернационалдандыру негізінде тарихи түрде қалыптасқан валюталық –экономикалық қатынастар жиынтығы; ұйымдық–заңдық тұрғысынан қарағанда- белгілі бір қоғамдық-экономикалық формация шегінде валюталық қатынастарды ұйымдастырудың мемлекеттік құқық формасы.

Тарихта мынадай валюталық жүйенің типтері қалыптасқан: ұлттық, дүниежүзілік, аймақтық.

Басында елдегі ұдайы өндіріс процесіне қажетті валюталық ресурстарды қалыптастыруға және пайдалануға, халықаралық айналымды жүзеге асыруға көмектесетін валюталық-экономикалық қатынастар жиынтығы ретінде ұлттық жүйе пайда болды. Ұйымдық-заңдық тұрғысынан қарағанда бұл шаруашылық байланыстарды интернационалдандыру негізінде тарихи қалыптасқан және халықаралық құқық нормаларын ескере отырып ұлттық заңдылықтармен бекітілген, елдегі валюталық қатынастарды ұйымдастырудың мемлекеттік-құқықтық формасы. Ұлттық валюталық жүйе

елдің ақша жүйесінің бір бөлігі бола отырып, өзінше дербес және ұлттық шекарадан шыға алады. Ұлттық валюталық жүйенің ерекшелігі ел экономикасындағы сыртқы экономикалық байланыстардың даму дәрежесімен анықталады.

Ұлттық валюталық жүйе мен дүниежүзілік шаруашылықтың даму негізінде қалыптасқан және мемлекет аралық келісім-шарттармен бекітілген халықаралық валюталық қатынастарды ұйымдастыру формасы-**дүниежүзілік валюталық жүйе** өзара ажырамастай байланысты. Ұлттық және дүниежүзілік валюталық жүйелердің мұндай байланыстығы олардың біртұтас екендігін білдірмейді, себебі олардың міндеттері, қызмет етуі және реттеу шарттары, жекелеген елдер экономикасын және дүниежүзілік шаруашылыққа ықпал етуі әр түрлі болып келеді. Дүниежүзілік валюталық жүйені ұлттық жүйемен байланыстыратын, яғни валюталық қатынастарға қызмет көрсететін және реттейтін, мемлекет аралық валюталық реттеулерде және валюталық саясатты шоғырландыруда негіз болатын ұлттық банктер болып табылады.

Дүниежүзілік валюталық жүйені мемлекеттік-құқықтық ұйымдастыру формасы жетекші елдердің мүдделігімен және дүниежүзілік аренадағы күштердің орналастырылуымен, өндірістің және дүниежүзілік сауданың дамуымен анықталады.

Ұлттық және дүниежүзілік валюталық арасындағы байланыс пен айырмашылықтар, олардың элементтерінен байқалады.

Егер ұлттық валюталық жүйе ұлттық валютаға –елдің ақша бірлігіне негізделген болса, ал дүниежүзілік валюталық жүйе –бір немесе бірнеше резервтік валюталарға немесе халықаралық есептесу бірліктеріне негізделеді.

Резервтік валюта – халықаралық төлем және резерв құралы функциясын орындайтын, басқа елдер үшін валюталық паритет пен валюталық бағамды анықтауға базалық қызмет ететін, валюталар бағамын реттеу мақсатында валюталық интервенция жүргізуде пайдаланылатын алдыңғы қатарлы елдердің айырбасталған ұлттық валюталарының ерекше категориясы.

Резервтік валюта мәртебесін алудағы алғышарттар:

-дүниежүзілік өндірісте, тауарлар мен капитал экспорттарында елдердің билік ету позициясы;

- жоғары тиімді байланыс жүйесі бар несиелік-банктік мекемелердің дамыған торабы;

-басқа елдерде оған деген сұранысты қамтамасыз ететін, халықаралық айналымдағы валютаның еркін айналымдағы және валюталық шектеудің болмауы.

Резервтік валюта мәртебесі эмитент-елдің экономикасына белгілі бір міндеттемелерді жүктейді; осы валютаның тұрақтылығын қолдап отыру қажеттігі, сауда және валюталық шектеулердің болмауы, девальвация жүргізбеу. Сонымен қатар, ұлттық валютаны резервтік дәрежеге көтеру ұлттық шаруашылық үшін төлем балансының тапшылығын ұлттық валютамен автоматты түрде пайызсыз және мерзімсіз халықаралық несие алу жолымен жабу мүмкіндіктері түрінде бірқатар артықшылықтар береді.

Халықаралық есептік ақша бірлігі – валюталық паритет пен валюталық бағамды белгілеу, халықаралық талаптар мен міндеттемелерді өлшеу үшін шартты бірлік ретінде пайдалылатын валюталық бірлік. Қазіргі уақытта халықаралық экономикалық қатынастарға қызмет ету үшін шартты дүниежүзілік несиелік ақша типтері ретінде СДР және ЭКЮ қызмет етеді. Бұл халықаралық активтер қолма-қолсыз халықаралық есеп айырысуларда елдерінің арнайы шоттарына жазбаша жазу жолдарымен: СДР – Халықаралық валюталық қорда, ЭКЮ- Еуропалық қауымдастыққа ынтымақтастық валюталық Еуропалық қауымдастыққа ынтымақтастыққа валюталық Еуропалық қорында пайдалынылады. Олардың шартты құны валюталық қоржынға кіретін валюталардың орташа өлшемді құнын және бағамдарын өлшеу негізінде есептеледі.

Валюталық «қоржын» 1973 жылы наурыз айынан бастап өзгермелі бағам режимін енгізумен байланысты банктерді және халықаралық валюталы-несиелік ұйымдарда қолданылады. Осы топтағы валюталар саны, олардың құрамы және валюталық компоненттердің мөлшері орташа өлшемді баға мақсатына байланысты белгіленеді.

Валюталардың орташа өлшемді құны, топқа кіретін валюталардың АҚШ долларына қатысты нарықтық құнының сомасында есептеледі. СДР халықаралық есептесу бірлігінің негізін құрған валюталық қоржын бес валютадан тұрады (1.011991 ж.жағдай бойынша): АҚШ доллары -40%,неміс маркасы-21%, жапон йені -17%, француз франкі-11%, фунт стерлинг-11%.

Елдің экономикалық және валюталық жағдайларына байланысты анықталатын **валюталардың конверсиялар дәрежесі** валюталық жүйенің

келесі бір элементін сипаттайды.Басқа да ұлттық валюталарға еркін айырбасталатын, ақша бірліктері ретінде еркін конверсиялатын валюталар болады.1978 жылдан бастап халықаралық валюталық қорлар мынадай ұғымдар енгізетін енгізген болатын:

- «еркін пайдалынатын валюта», яғни халықаралық есеп айырысуларда және валюталық нарықтардың негізгі операцияларында кеңінен қолданатын;
- валюталық шектеулері бар, жартылай конверсияланған елдердің валюталары;
- валюталар айырбасына тыйым салынған, елдердің конверсияланбайтын валюталары.

Валюталық паритет- бұл валюталық бағамның негізгі болып табылатын және заңды түрде бекітілген екі валюта арасындағы шекті қатынасты білдіреді. ХВҚ Жарғысы бойынша валюталық паритет СДР негізінде белгіленеді.

Ұлттық валюталық жүйенің шегінде ХВҚ арқылы мемлекетаралық реттеу объектісі болып саналатын валютамен жасалатын операцияларға шек қою, яғни валюталық шектеу енгізілуде.